

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕРДІ ҒАРЫШТАН ЗЕРТТЕУДЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР

Сөздерді есте сақтаңыз

Сөзтіркестерін құрастырыңыз

- ▶ Топографиялық түсірім – топографическая съёмка
- ▶ Ғарыштық түсірімдер – космическая съёмка
- ▶ Аэротүсірімдер – аэро съёмка
- ▶ Жер мен күн – земля и солнце
- ▶ Даму тарихы – история развития
- ▶ Қазіргі заманғы – современное
- ▶ Бірнеше – несколько
- ▶ Жоғары температура – высокая температура
- ▶ Ауа – воздух

- ▶ Жер шары – на земном шаре
- ▶ Бұлттар – облако
- ▶ Құрылысы – строение
- ▶ Жер – на земле
- ▶ Тығыздығы – плотность
- ▶ Белгілі - известный
- ▶ Аспаптар көмегімен – с помощью инструментов
- ▶ Радиотолқын - радиоволна
- ▶ Түсіру желісі – съёмочный сеть

Сұрақтарға ауызша және жазбаша жауап беріңіздер

- ▶ **Ғарыштық түсірімдер деп нені айтамыз?**
- ▶ **Аэрофототопографиялық түсіру қандай аспаптар арқылы жүзеге асады?**
- ▶ **Аэрофототопографиялық түсіру қандай масштабтағы топографиялық карталар арқылы жасалады?**

Сөздерді сәйкестендіріңіздер

Электромагниттік

түсіру

Бейнелеу

пайдаланылады

Радиотолқын

сауле шығару

Диапазоны

масштабы

Аэрофотографиялық

көмегімен

**Берілген сурет бойынша екі – үш сөйлем
жазыңыздар**



Мәтінді оқимыз

- Ғарыштық түсірімдер — ғарыштан түсіру кезінде алынатын бейнелер. Электромагниттік сәуле шығаруды тіркеудің қағидаларына және қабылдағыштардың типтеріне қарап Ғарыштық түсірімдерді фотографиялық түсірімдер, теледидарлық, инфрақызыл, радиолокациялық және радиожылылық бейнелер деп бөледі. Ғарыштық түсірімдер проекциясының типі, бейнелеу масштабы, спектрлік диапазоны бойынша айырма жасайды.

Аэрофототүсірімдермен салыстырғанда олар үлкен шолымды (мындаған км²-ден Жер шарының бүкіл жартысына дейінгі жерді қамтиды, ол серік орбитасының параметрімен және түсіру жүйесінің ерекшеліктерімен анықталады).

- Топографиялық түсіру — жергілікті жердің жоспары мен топографиялық картасын жасау кезіндегі орындалатын жұмыс кешені. Түсіру желісінің дамуы (тірек нуктелерінің жоспарлы және биіктік қалпын анықтау); егжей-тегжейлі түсіру (жергілікті жердің элементтері мен объектілерінің жоспарлы қалпы мен биіктігін анықтау, жергілікті жер объектілерінің өз атауларын, олардың сандық және сапалық сипаттарын белгілеу, топографиялық шартты белгілермен түсіру немесе кұру түпнұскасын сызу. Топографиялық түсіру түрлері аэрофототопографиялық, мензулалық, тахеометриялық, жер үсті фотографиялық түсіру.

- ▶ Аэрофототопографиялық түсіру — аспаптар көмегімен жергілікті жерді аэрофотоға түсіру — топографиялық түсірудің негізгі түрі. Аэрофототопографиялық түсіру стереотопографиялық немесе аралас әдіс бойынша анықталады. Стереотопографиялық әдісті жергілікті жердің барлық элементтері камералы фотограмметриялық аспаптарда құрылады; аралас әдісте картаның контурлы бөлімі аэрофототүсіру арқылы, ал жер бедері мензулалы түсіру төсіддері арқылы құрылады. Аэрофототопографиялық түсіру 1:10 000 — 1: 100 000 масштабтағы топографиялық карталар жасау кезінде қолданылады.

► Радиолокация (лат. lokatio - орналасу орны) — радиотолқын көмегімен түрлі объектілерді іздеп табу және оның орнын анықтау. Белгілі бір бағытта жіберіліп, жолындағы объектіден шағылған импульс түріндегі толқын экран бетінен импульс түрінде көрінеді. Оның оралу уақыты арқылы объектіден станцияға дейінгі қашықтығы анықталады. Радиотолқындар, өлшемі толқын ұзындығынан үлкен объектілерден ғана кері шағылатын болғандықтан, іздестірілетін объектінің көлеміне қарай радиолокацияда метрлік, дециметрлік, сантиметрлік толқындар диапазоны пайдаланылады.

Берілген сөйлемдерді аударыңыздар

- ▶ Радиолокация латынның локацио сөзінен еңген – радиотолқын көмегімен түрлі объектілерді іздеп табу және оның орнын анықтау.
- ▶ Радиотолқындар, өлшемі толқын ұзындығынан үлкен объектілерден ғана кері шағылатын болғандықтан, іздестірілетін нысанның көлеміне қарай радиолокацияда метрлік, дециметрлік, сантиметрлік толқындар диапазоны пайдаланылады.

Сөйлемдерді толықтырыңыздар

- ▶ Топографиялық түсіру түрлері
аэрофототопографиялық, мензулалық,
тахеометриялық, жер
-

- ▶ Радиотолқындар, өлшемі толқын
ұзындығынан үлкен объектілерден ғана кері
шағылатын болғандықтан, іздестірілетін
нысанның көлеміне қарай радиолокацияда
метрлік, дециметрлік, сантиметрлік
-

► **Мәтіннен терминдерді теріп жазыңыз**

Тапсырмалар

- ▶ Мәтін бойынша төрт – бес сұрақ дайындаңыздар.
- ▶ Мәтінді аударыңыздар.
- ▶ Мәтінді қысқаша мазмұндаңыздар